

Сабақтың тақырыбы:

“Рационал сандарды
азайту тақырыбына
есептер шығару”

Сабақтың мақсаты:

Рационал сандарды азайту ережесін білу, ережені түсіну арқылы есеп шығару қабілеттерін дамыту, оң және теріс сандарының өмірмен байланысын түсіну, координаталық түзудегі кесіндінің ұзындығын табу ережесін түсіну арқылы есептер шығарып үйрену, дамыту, тақырыптан алған білімдерін бекіту, пысықтау .

I. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушыларды 1,2,3 карточкалар арқылы топқа бөлу

II. “Жұбыңды тексер” үй тапсырмасын тексеру.

III. Өткенді қайталау кезеңі:

A) 3 топқа тапсырма беру “Оң және теріс сандардың өмірде қолданылуы” постер қорғау

B) Әр топ өз карточкаларында жазылған тапсырманы орындайды: **1 топ-”теорияшылдар” бұл топ оқушылары бүгінгі тақырыпта кездесетін негізгі ұғымдарға түсінік береді.** 2 топ оқушылары “Сызушылар” тобы координаталық түзудің көмегімен рационал сандарды қосу жайында , координаталық түздегі кесіндінің ұзындығын табу жайында айтып және сызып көрсетеді. **3 топ “Тәжірибешіл” тобы оң және теріс сандардың қосындысын және айырмасын, екі теріс санның қосындысын және айырмасын табу ережесін тұжырымдап,мысал келтіріп береді.**

1 ТОП

$$1) -0,75 + 2 = 1,25$$

$$4) -36 + (-55) = -91$$

$$2) 7,1 - 7,2 = -0,1$$

$$5) -9 - (-41) = 32$$

$$3) -0,75 - 0,5 = -1,25$$

$$6) -645 + 432 = -213$$

2 топ

$$1) -0,58 + (-0,31) = -0,89$$

$$4) -4,3 - 1,2 = -5,5$$

$$2) 0,64 + (-0,89) = -0,25$$

$$5) -4 + (-6) = -10$$

$$3) 9,5 - (-3,7) = 13,2$$

$$6) -0,7 + (-0,3) = -1$$

3 топ

$$1) -0,2+(-2) = -2,2$$

$$4) -4,3+1,2 = -3,1$$

$$2) -1,2+(-1,5) = -2,7$$

$$5) -4-(-6) = 2$$

$$3) 9,5-(-0,9) = 10,4$$

$$6) -0,7+0,3 = -0,4$$

Оқулықпен жұмыс .

№530 есеп

$$1) 21 - (5 - 8);$$

$$4) -13 - (20 - 32);$$

$$7) -18 - (9 - 5);$$

$$2) 3,7 - (4 - 5,3);$$

$$5) -4,5 - (7 - 9,5);$$

$$8) -0,25 - (3 - 2,25);$$

$$3) \frac{1}{6} - \left(\frac{5}{12} - \frac{7}{12} \right);$$

$$6) -\frac{5}{8} - \left(\frac{5}{8} - 1 \right);$$

$$9) -\frac{2}{9} - \left(1 - \frac{8}{9} \right);$$

№540 есеп

$$1) a + (-b) - (-2a);$$

$$2) -a - (+a) + 2b - (-b);$$

$$3) -a - (-b) - 4a;$$

1 топ-№537 есеп

- 1) Бірлік кесіндісі 1 см ге тең координаталық түздегі АВ кесіндісінің А нүктесіне $-2,5$ саны сәйкес келеді. АВ кесіндісінің ұзындығын табыңдар.
- 2) Бірлік кесіндісі 1 см ге тең координаталық түздегі СД кесіндісінің ұзындығы 16 см, оның қарқ ортасындағы нүктеге -5 саны сәйкес келеді. СД нүктелерінің координаталарын табыңдар.

2 топ-№545 есеп

Координаталық түзу бойындағы АВ кесіндісінің ұзындығы 8 см. Оның сол жақ шеткі нүктесі $A(x)$, ал оң жақ шеткі нүктесі $B(2x-3)$. Бірлік кесіндісінің ұзындығы 1 см. А нүктесінің және В нүктесінің координаталарын табыңдар.

3 топ. №546 есеп

Бірлік кесіндісі 1 см ге тең координаталық түзу бойындағы В(1) нүктесі-шеңбердің центрі. Шеңбер координаталық түзумен А (-3) және С(5) нүктелерінде қиылысады.

А) Шеңбердің ұзындығын табыңдар

Б) Дөңгелектің ауданын табыңдар

Сергіту сәті

Қорытындылау

“Математикалық дикант” жеке жұмыс

1. Кез келген ... 0-ден және кез келген теріс саннан үлкен.

2. Оң санның модулі ...

Екі оң санның қосындысы сан, екі теріс санның қосындысы сан.

3. сандардың қосындысы нөлге тең.

4. Бүтін сандар, оң және теріс бөлшектер ... жиынын құрайды.

5. а-в айырмасын қосынды түрінде жаз

6. Қосуды орында: а) $-11,6 + (-4,3)$

ә) $-14,3 + 25,2$

7. Азайтуды орында: а) $-4,7 - (-3,1)$

ә) $7,4 - 9,8$

8. Теңдеуді шеш: 1) $x + (-5) = 2$; 2) $-6 + x = -2$

9. Есептеңдер: $-3,6 - (+1,5)$; $-7,5 - (-3)$;

10. Бір саннан екінші санды азайту үшін.....

Бағалау

- Біздің сабақ басындағы мақсатымыз?
- Қойылған мақсатқа жете алдықпа?
- Қалай жеттік?
- Қандай нәтижеге қол жеткіздік?
- Алған білімізді қай жақта қолдануымыз мүмкін ?
- Қандай жақсы нәтижеге қол жеткіздік?

Рахмет
балалар!

